

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының

ЖИНАҒЫ
7 - қазан, 2022 ж.

Астана, 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ҒАСЫРДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: БАСЫМДЫҚТАР МЕН ІЗДЕНІСТЕР» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының

ЖИНАҒЫ

7 - қазан, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции «ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В XXI ВЕКЕ: ПРИОРИТЕТЫ И ПОИСКИ» посвященная памяти профессора А.А.Молдажановой
7-октября, 2022 г.

COLLECTION

Collection materials of the International scientific and practical Conference «PEDAGOGICAL EDUCATION IN THE XXI CENTURY: PRIORITIES AND SEARCHES» dedicated to the memory of professor A.A.Moldazhanova

October -7, 2022 y.

Астана, 2022

ӘӨЖ 37.0
БКК 74.00
П 82

Редакция алқасы:

Ж.Д.Курманғалиева - Басқарма мүшесі - Ғылым, коммерциаландыру және интернационалдандыру жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Б.П.Сейітқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Т.С.Сламбекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** - п.ғ.к., доцент; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Махадиева А.К** - PhD., **Балтабаева Ж.Б.** - магистр, **Қуатов А.К.** - магистр.

ISBN 978-601-337-713-1

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Профессор А.А.Молдажанова және қазақстандық білім беру жүйесінің дамуы», «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобаны жүзеге асыру - Жаңа Қазақстанды дамытудағы басым бағыт», «Білім берудің ғаламдық мәселелерін шешуде адами ресурстардың бірігуі» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -587 бет.

ӘӨЖ 37.0
БКК 74.00
П 82

ISBN 978-601-337-713-1

«Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция.

@Астана, 2022

4. Карелина Н.А. Нелегальная миграция в США: до и после НАФТА // Нелегальная иммиграция / Гл. ред. В.А. Ионцев. - М.: МАКС Пресс, 2002. - С. 94 - 105.
5. Морева Е. В., Спирина Е. В. Образование детей-мигрантов на примере США // Актуальные исследования. 2022. №23 (102).
6. Коробков А. США – страна иммигрантов // <https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/12159569/>

ӘӨЖ: 37:372.8

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ИНКЛЮЗИВТІ СЫНЫПТАРДА ЖАЙЛЫ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Шалгынбаева К.К.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Оспанова Б.К.

Alikhan Bokeikhan University «Педагогика және психология» кафедрасының аға оқытушысы, PhD доктор

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру.

Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат [1].

Қазіргі таңда барлық әлемде жеке қажеттілікті түзету-педагогикалық қолдау мен бейімдеу баланы емес, балалардың білімділік сұраныстары мен жеке ерекшеліктеріне ортаның, отбасының белсенді қатысуымен білім беру үрдісіне толық қатысуды қарастыратын «барлығы үшін бір мектеп» немесе «инклюзивті білім беру» туралы айтуда. (Д.Митчелл—профессор, Жаңа Зеландия, 1997 ж) [3].

Жас ұрпаққа жан-жақты білім, тәлім-тәрбие беру – әрбір оқытушының басты міндеті. ХХІ ғасыр – ақпараттық қоғам дәуірі. Инклюзивті білім беру – оқытудың тиісті білім беретін оқу бағдарламаларына, білім алушылардың өзгеде санаттарымен тең қолжетімді, арнайы жағдайларды қамтамасыз ету арқылы дамытуға түзету-педагогикалық және әлеуметтік қолдауды көздейтін, мүмкіндігі шектеулі адамдарды бірлесіп оқыту және тәрбиелеу.

Қазақстанда «Бәріне бірдей мүмкіндік» деген статусты қолданатын инклюзивті білім беру бағдарламасының енгізілгеніне де көп бола қойған жоқ. Бұл термин көбінесе «Сапалы білім барлығы үшін» түсінігімен бірдей болып келеді. Яғни, жалпы білім беретін мектептерде мүмкіндіктері шектеулі баламен басқа да, әлеуметтік қорғалатын топтарға жататын оқушыларға өзгелермен теңдей білім беру және соған жағдай жасау. Мүмкіндігі шектеулі балалар қоғамдық өмірге аса бейім емес. Мәселенің бұлай қалыптасуына бүгінгі қоғамның да кінәсі бар. Өйткені біз мүмкіндігі шектеулі жандарға мүсіркей қараудан арыла алмай келеміз. Жалпы білім беретін орта мектептерде олардың оқып, білім алуына жағдай жасау енді-енді қолға алына бастады. Қазіргі кезде Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балалар көбінде арнайы мектеп-интернаттарда білім алады [2].

Білім беру ортасын түсіну үшін, біз бұл феноменнің мағынасын ашуымыз керек. Кеңінен пайдаланылуына қарамастан «орта» түсінігінің ғылым әлемінде нақты анықтамасы жоқ. Жалпы мағынада «орта» түсінігі «қоршаған орта» деп қабылданады.

«Жаратқанның қолынан пайда болғанда барлығы керемет, бір адамдардың қолында ол кереметтілік жоғалады», - деп Ж.Ж. Руссо айтпақшы, педагогикалық көзқарастарында «орта» теориясы ерекше орын алады. Ж.Ж. Руссо бірінші болып ортаны жеке тұлғаның өзіндік дамуының нәтижелі даму шарты ретінде қарастырған. Оның ойынша, әр жеке тұлғаға ерекше даму ортасы құрылғанда ғана баланың нақты мүмкіндіктері мен табиғи қажеттіліктері арасында теңдік орнатылып, тәрбиелеу жүйесі нәтижелі болады. Мұндай ортада жеке тұлға дайын білімдер алмайды, ол өзінің тәжірибесі негізінде тірі табиғатты бақылау процесінде білімдерді жинақтайды. Мұндай жағдайда, Ж.Ж. Руссоның ойынша, жеке тұлға дамуының негізгі бұлағы білімдерінің көптігінде емес, оларды өзіндік деңгейде пайдалана алу іскерліктерінде. Мұндай арнайы құрылған ортада жеке тұлғаның қасиеттері оған іштей еркіндікті сақтауға, қоғамның теріс пікірлерінен тәуелсіз болуға мүмкіндік береді.

Педагогика мен психологияда «орта» термині алғаш рет 20 ғасырдың 20 жылдары пайда болды, ол кезде жиі «орта педагогикасы» (С.Т. Шацкий), «баланың қоғамдық ортасы» (П.П. Блонский), «қоршаған орта» (А.С. Макаренко) терминдері қолданылды.

Д.Ж. Маркович ортаны адамның өмірлік іс-әрекеттері орындалатын табиғи және жасанды жағдайлардың бірігуі деп анықтады.

Адамның ортасын анықтауда Л.В. Максимова ортаны табиғи және әлеуметтік мінезді өзара байланыстағы бірқатар компоненттерден тұратын күрделі құрылым деп белгіледі.

Н.Б. Крылова «орта» деп әлеуметтік-мәдени кеңістіктің бөлігін, білім беру жүйелерінің өзара байланыстар аймақтарын, процестердің субъектілерін белгіледі. Мұнда ортаның негізгі көрсеткіштері болып қарым-қатынастар, құндылықтар, белгілер, заттар және пәндер табылады.

Сөздіктерде «орта» деп адамды қоршаған әлеуметтік (тұрмыстық

жағдайлар, заттық орта, сонымен бірге бұл жағдайлармен байланыстырылған адамдар қауымы белгіленеді.

Л.И. Божович ортаны «даму жылдамдығын, жаңа сапалы құрылымдардың пайда болуын қамтитын, дамудың ішкі және сырттай жағдайларының ерекше бірігуі» деп анықтады. Автордың ойынша, ортаға қосылған баланың уайымдарының, ортаға деген қатынасының мінезін түсіну өте маңызды. Ғалым баланың ортаға ғана қатынасын қамтымай, сонымен бірге сол ортада оның белсенділігін арттыратын, рухани(кеңестік және заттық(кеңістік бағыттарды дамытуды қажет дейді.

«Білім беру ортасы» түсінігін бірқатар таяу және алыс шетел ғалымдары зерттеуде (В.И. Слободчиков. В.А. Петровский. Н.Б. Крылова. М.М. Князева және т.б.). Олар «білім беру ортасы» түсінігінің философиялық аспектілеріне, оны жобалау тәсілдері мен технологияларына назар аударған. Оқыту мен тәрбиелеу тәжірибесінде білім беру ортасын құру мәселелері О.С. Газманның, М.В. Клариннің, И.Д. Фруминнің, дамыта оқыту жүйесінің негізін қалаушылардың жұмыстарында қарастырылған (В.В. Давыдов және т.б.).

Кез-келген әлеуметтік-мәдени кеңістік шеңберінде жеке тұлғаның ретсіз немесе түрлі деңгейде ұйымдастырылған даму процесінің іске асырылуы білім беру ортасы болып табылады.

Психологиялық тұрғыдан Л.С. Выготский, П.Я. Гальперин, В.В. Давыдов, Л.В. Занков, А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин және т.б. пікірінше, білім беру ортасы- дамыта оқыту іске асырылатын, нақты түрде реттелген білім беру кеңістігі. Бала егер әлеуметтік- заттық ортада өзінің әрекеттерін үнемі жетілдіруге мүмкіндігі болса қабілеттірек болады.

Н.Е. Щуркова ортаны зерттеуде пәндік-кеңістік, іс-әрекеттік, жағдаяттық және мәліметтік-мәдени кеңістік атты компоненттерді бөліп қарастырады.

Л.Н. Седова жеке тұлғаның қалыптасу процесі үшін дамыта білім беру ортасы маңыздылығының негізгі үш параметрін қарастырады: мақсат қою; дамыту білім беру ортасын педагогикалық құбылыс ретінде түсіну; педагогикалық ғылым тұрғысынан дамыта білім беру ортасын қарастыруда танымдық белсенділікті қалыптастыруда нәтижелі әдістер мен тәсілдерді іздеу. С.Л. Новоселова ортаны, баланың рухани және физикалық бейнесінің мазмұнын модельдейтін, іс-әрекетінің материалдық нысаналарының жүйесі ретінде анықтайды.

Білім беру ортасының өзіндік құрылымы бар, бірақ оның компоненттерін қарастыруда ғалымдар бір ғана бағытқа сүйенбейді.

Г.А. Ковалевтың пікірінше, білім беру ортасының келесідей бірліктері бар: физикалық орта, адамдар факторы және оқыту бағдарламасы.

1.Физикалық орта: мектеп ғимаратының архитектуралық құрылымы, көлемі және мектеп интерьерінің кеңістік құрылымы; оқушылардың кеңістікте қозғалу мүмкіндіктері.

2.Адамдар факторы: оқушылардың үлгерімі мен жеке тұлғаның ерекшеліктері; әлеуметтік іс-әрекетіне адамдардың әсері; статустар мен ролдердің бөлінуі; оқушылар мен ата-аналардың ұлттық және жасерекшелік, жыныстық

ерекшеліктері.

1. Оқыту бағдарламасы: оқушылардың іс-әрекетінің құрылымы; оқыту бағдарламаларының мазмұны; оқыту түрлері мен бақылаудың мінездемесі.

В.А. Ясвин төрт компонентті модельді ұсынды:

-кеңістік компоненті – заттық компонент – ғимараттың архитектуралық ерекшеліктері, құрал-жабдықтары, оқыту кеңістігінің ерекше жабдықталуы.

-әлеуметтік компонент- балалар-үлкендер ұжымының мәдени қалпы; педагог-студент-дамудың көпқырлы субъекті.

-психодидактикалық компонент – білім беру кеңістігінің мазмұны, студент меңгеретін іс-әрекеттің түрлері, тәсілдері, оқу процесінің ұйымдастырылуы.

Бұл компонентте «Неге және қалай оқыту керек?» сұрағына жауап алынады.

1) Білім беру процесінің субъекттері – В.И. Слободчиков бойынша, мұнда құрылатын мен құрайтын процестер кездеседі. Бұл ортаны біріккен іс-әрекеттің пәні де, ресурсы деп құрастыруға болады.

Е.В. Коротаева бойынша, «ортаның әрбір компонентінің эмоционалды-дамытушы әсері болуы керек». Ол компоненттердің эмоционалды-дамытушылық мінезділігін қамтитық шарттарды бөліп көрсетті:

-біріккен іс-әрекетке қатысушылар арасындағы байланыс;

-күн тәртібінің сәттері;

-бөлменің, кеңістіктің сырт көрінісі;

-сабақтарға эвристикалық жаттығуларды қосу.

Жиі білім беру ортасы екі көрсеткіштермен мінезделінеді:

-ресурстық мүмкіндіктермен;

-ұйымдастыру тәсілдерімен.

Білім беру ортасы білім алушылардың жеке тұлғалық және мәдени өсуіне әсер етеді, егер «орнатылған әлеуметтік-мәдени мазмұн білім берудің мазмұнына ауысса, яғни өзіндік білім беру ортасына» (В.С. Слободчиков).

Сонымен, ғалымдардың ойынша, білім беру ортасы дегеніміз, білім алу субъекттері өзара байланысқа түсу процесінде нақтылайтын білім беру процесінің және тұлғааралық қатынастардың материалдық факторланының жиынтығы. Бірақ, өзгерудегі жағдайларға адекватты, жаңа педагогикалық технологиялар негізінде инновациялық инклюзивті тәртіп бойынша жұмыс істейтін заманауи жалпыға білім беру мектебінде, әр оқушының білім алудағы ерекше қажеттіліктеріне сәйкес келетін, білім беру ортасы қажет. Әр балаға жынысына, ұлтына және діни ұстанымдарына, денсаулық жағдайына, даму деңгейіне, ата - анасының әлеуметтік-экономикалық статусына және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, білім алу кеңістігіне қосылуға жағдай жасалуы керек.

Инклюзияның басты шарты – мектептің балаға бейімделуі, керісінше емес, бұл жағдай қалыпты балалардан тұратын оқушылардың негізгі контингентіне жағымды әсер етеді: балалар білім алуда ерекше қажеттіліктері бар сыныптастарын сыйлау мен бағалауға үйренеді; көмек беру арқылы өмірдің түрлілігін қабылдап, «біз іртүрліміз, бірақ тең құқылымыз» атты толерантты

кеңістікте қалыптасады.

Инклюзивті мектепте білім беру ортасын заман талаптарына сай модельдеу мәселесі бүгінгі күнде аса маңызды мәселелердің бірі.

В.А. Ясвиннің ойынша, жеке тұлғаның психологиялық мінездемесі (А. Маслоу бойынша), «педагогтар қолынан шығарылатын», «сапалы затты» модельдеу мен жобалаудың нақты нысанасы болуы мүмкін:

- қоршаған ортаны белсенді қабылдау және онда жақсы бағдарлай алу;
- өзін және басқа адамдарды ерекшеліктеріне сай қабылдау;
- өз ой-пікірлерін және сезімдерін ашық білдіріп, іс-әрекеттерінде еркін болу;
- өзінің ішкі өміріне (сезімдері, уайымдары) ғана емес, «сыртта» болып жатқан жағдайларға назар аудару;
- көңілді, әзілкеш болу;
- дамыған шығармашылық қабілеттер;
- ережелерді қабылдай алу;
- тек өзімен ғана айналыспау, басқаларды да уайымдау;
- өмірді түсінуге ұмтылу;
- қоршаған адамдармен (барлығымен болмаса да) жақсы қарым-қатынаста болу;
- өмір сүруде жаңа, қызықты жолдар іздеуге ұмтылу.

В.А. Ясвиннің ойынша, мұндай білім беру ортасын ұйымдастырудың негізгі мақсаты әр оқушы үшін дамуына жағымды жағдай жасау арқылы оқу процесін модельдеу. Білім беру ортасы балаға дамуындағы түрлі бағыттар бойынша (физикалық, интеллектуалдық, адамгершілік және т.б.) жоғары нәтижелерге жетуге жағдай жасауы тиіс.

Білім беру ортасының кеңістіктік-заттық компонентін модельдеу мен ұйымдастыруға Я.А. Коменский «Ұлы дидактика» еңбегінде назар аударған. Ол оқу мекемесінің кеңістіктік-заттық ортасын қарастырғанда бала мектептің ғимаратының, отыратын сыныбы мен орнының және т.б. әдемі болуы, ұнауы туралы айтқан.

Мария Монтессори бірінші болып білім беру ортасының кеңістіктік-заттық моделі жеке тұлғалық дамудың негізгі факторы екендігіне назар аударған.

М.Монтессори білім беру ортасының кеңістік-заттық ұйымдастырылуын «дайындық ортасы» деп атаған. Инклюзивті білім беру ортасын моделдеуде ерекше қажеттіліктері бар балалардан келесі ерекшеліктеріне назар аудару керек:

- алғашқы бұзылыстың (кемістіктің) құрылымына;
- оның көрініс табуына [6].

Психофизикалық дамудың мінездемесі мен ерекшеліктеріне (сенсомоторлық, көру, сезу, есту, қимыл-қозғалыс, көру-кеңістік); екіншіден дамыту ортасының концепциясында құрастырылып, ұсынылған талаптарды ескерту; мұнда келесі принциптер ерекше маңызға ие болады:

1. Ортаның көптеген қырлары мүмкіндіктері шектеулі балаларды түрлі әрекеттерге итермелейтін жағдайлар жасайды. Шартты түрде өзіндік іс-әрекеттер орындай алатын балалардың түрлі міндеттерді шешуге негіз болатын дидактикалық материалдар, көрнекіліктер ұсынылады, қолжетімді болып

орналастырылады.

2. Жайлылық және тұрақтылық принципі. Ортаның компоненттерінің тұрақтылығы, сенімділікпен қамқорлық беру.

3. Әр баланың даму ерекшеліктерін ескеру принципі. Инклюзивті кеңістікті жобалауда баланың психофизиологиялық даму деңгейін, қызығушылықтарын ескеру керек. Орта баланың өзекті, жақын даму және өзіндік даму қажеттіліктерін қамту керек.

4. Коммуникативтік мүмкіндіктерін дамыту.

5. Тиімділік пен қолжетімділік принципі.

Ортаның әрбір компоненттері жалпы мақсаттарға сәйкес болуы керек. Ерекше балаға дамытатын заттық ортаның қолжетімді болуы – материалдар, кітаптар, көрнекіліктердің қол созымды деңгейден жоғары болмауы [5].

Инклюзивті кеңістікке қосылған балалар контингентіне байланысты дамытатын заттық орта өзіндік ерекшеліктерге ие болып, барлық іс-әрекет түрлерін терең дамытуға жағдай жасайды. Яғни, инклюзивті сыныпта кіші топтармен немесе белсенділік орталықтарында балалармен жүргізілетін жұмыстарды білім беру ортасын түрлендіру қажет:

- бала сипап сезу арқылы ажырататын белгілері бар оқу орталықтары мен басқадасыныптағы аймақтарды жабдықтау;
- баланы сабаққа дейін сынып бөлмесімен таныстыру;
- ерекше қажеттіліктері бар балаларды қолдауға басқа балаларды тару;
- баланы қоршаған орта тұрақты болуы тиіс;
- төтенше жағдайдың пайда болу жағдайына әрекеттер жоспарын құру; оқу жағдайында көмек дер кезінде көрсетілуін қамту;
- мүгедектер арбасымен еркін қозғалу үшін жиһазды ыңғайлы етіп орналастыру;
- топтық сабақтар мен ұжымдық ойындарға арналған кеңістікпен қамту;
- ғимаратта мүгедек арбасымен кіруі мүмкін емес әжетхананы баланың пайдалануына байланысты жабдықтау;
- бұрыштың ішінде болып жатқанды мұғалімнің қадағалауы, ал балалар сыныптағыларды көрмеуі үшін ол бұрыш ширмамен бөлінуі тиіс;
- іс-әрекет орталықтарын, физикалық тосқауыл ретінде тақтайшалармен бөлу керек;
- зақым келтірмейтіндей етіп, жиһаздардың үшкір бұрыштарын жұмсақ заттармен қаптау;
- балаға, демалу керек болған сәтте, қимыл-қозғалыс жасауға жағдай жасау;
- танымал ортамен қамту [4].

Инклюзивті сыныпта мүгедегі бар балаларға арналған ортаны ұйымдастырудаміндетті түрде:

- балаларды ыңғайлы орындарға отырғызу керек;
- балаларды жақсы оқитын баламен отырғызу;
- сыныпта жағымды ролді атқаратын баламен отырғызу керек;

- назарды аударатын заттардың жанына отырғызбау;
- жеке жұмысқа арналған орындарды немесе сыныптағы тыныш аймақтарды пайдалану;
- сынып тақтасын қажет емес материалдармен толтырмау;
- қауіпсіз, кедергілермен асулардан бос, қолдетімді орта қажет;
- сыныпта қозғалуы адекватты кеңістікпен қамту;
- оқушылардың бір-бірімен араласып, жұмыс істеуіне арналған оқу орындарын ұйымдастыру [7].

Бастауыш сынып оқушыларына инклюзивті сыныптарда жайлы білім беру ортасын ұйымдастыру мәселесі қарастырылып, «орта» түсінігінің мәні жан-жақты әдебиеттерден талқыланды. Сонымен, инклюзивті сыныптарда оқитын бастауыш сынып оқушыларының ортасының өзіндік ерекшеліктері бар екенін ескеріп, инклюзивті сыныпта бастауыш сынып оқушыларына арналған жайлы ортаны ұйымдастыру міндетті түрде қажет деген қорытындыға келеміз.

Әдебиеттер:

1. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР, 2002, № 343 заңы
2. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010.
3. Адырбаева М.Ж. Инклюзивті білім беру жүйесіндегі психологиялық – медициналық педагогикалық консультацияның жұмыс барысы. - Алматы, 2011. – Б.30-35.
4. Руководящие принципы политики в области инклюзивного образования. - Париж, ЮНЕСКО, 2009.
5. Жусупбекова З.Д., Мұқан А.Т. Инклюзивті білім беру жүйесінің негізі. // Республикалық педагогикалық-әдістемелік журнал. Әлеуметтік педагог. - 2010. - №4.
6. Жарықбаев Қ. Жалпы психология. - Алматы, 2000
7. Байтұрсынова А.А. Арнайы педагогика: проблемалары мен даму болашағы. - Алматы, 2008.

UDC 378.1

PRIORITY AREAS AND CONCEPTS FOR THE DEVELOPMENT OF MODERN QUALITY EDUCATION CONSIDERING FOREIGN EXPERIENCE

Korabayeva Nazgul Beisenbekovna

Master's degree, teacher-lecturer

Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Taldykorgan

Agybayeva Linara Talgatovna

3rd year student of the specialty "Economy"